

ӨСКЕМЕНДЕГІ АҚЫН ТОЙЫ

ЮНЕСКО-ның шешімімен быыл бүкіл әлем қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойын өткізіп жатыр. Жұма күні сағат онда Өскемен қаласының тұрғындары мен қонақтары спорт сарайының маңындағы көшенің басына жиналды.

Көшенің атын өзгерту рәсімінде Өскемен қаласы әкімінің бірінші орынбасары А. Шерубаев жүрек-жарлы сөзін айтты. Ұлы ақының мерейтойы қарсаңында облыс орталығында біршама мәдени шаралар өткізілді. Новикольная және Школьное шоссе көшелері бұдан былай «Абай даңғылы», Юбилейная көшесі «Е. Миксаэлис» деп аталатын болды. Евгенний Петрович — Абайдың досы. Ол Өскемендегі зиратта жерленген.

Облыстық ақсақалдар алқасының төбе бйі Т. Қоғабаев пен танымал ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі М. Чистяков ұйымдастырған орнатылған ескерткіш тақтаның бетіндегі ақ жаулықты ашты. Жиналғандар Абайдың тура қарап тұрған бедерлі бейнесін көрді.

Бұдан соң, айтыскер ақын бұдан жырдап шығу шашты. Шерубаев мен жемеккерлері өмірлері, жеке адамдар Абайдың ескерткіш тақтасына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Ақсақалдар алқасының төбе бйі Т. Қоғабаев сөз берілді: «Облыстың рухани өміріндегі ең елеулі оқиғалардың бірі, қаланың көрікті бір көшесі «Абай даңғылы» деп аталу қуанышымын куәгері болдык.

Оның ұлы мұраларын бұлай ұрпақтары ұлағат тұтуды тіпті, Абай сөздері қазіргі қабылдауға ұсынылып отырған. Ата замандың еңкіші бөлімнің негізгі арқау десек, асыра диктандық болмас. Даналық тұғырындағы дара тұлғаға ұрпағы алтыннан мүсін орнатса да лайықты деп білемін.

Бүгін біз өз шамамызша ұлы Абай атын қаланың бір шетіндегі кілең лашық үйлерден тұратын аттың сынық тағасына ұқсас көпестен Абай даңғылына көшірдік. Арамын риза болып, ұлы даңбышамыз Мерейтойын ЮНЕСКО ал-

сында бүкіл адамзат атап өтіп жатқан кезде Абаймызға лайықты көше атын беру жөнінде ақсақалдар алқасының ұсынысын қабылдаған облыс, қала өкімшіліктеріне шексіз алғысымызды айтамыз» деп, Төкең өз ойын түйіндеді.

Сөз М. Чистяковқа берілді. Ол 16 жасында Башқұртстаннан Семейге келіпті. Сонда оқып жүрген кезінде қазақ тілін және домбыра тартуды үйренеді. Қазақша диктантты үнемі беске жазып жүреді, Абайдың шығармашылығымен сонда танысады, тіпті, үлкен бір жиында сахнада тұрып, Абайдың үш өнін домбырада өзі сүйемелеп, қазақша шығартады, ғындағыларын таңқақырып, бірінші сыйлыққа ие болады. Өз өміріндегі осындай сәттерді есіне түсірген М. Чистяков содан кейін Абайдың ұлылығына тағзым етіп, оған арналған өлеңін оқыды.

Мектеп оқушылары — М. Қосмұқанбетов пен А. Чумина — Өскемен қаласында өткізілген Абай шығармашылығы жөніндегі байқаудың жеңімпаздары. Олар да жиналғандардың алдында тақпақтар айтып берді.

Сол күні түстен кейін қала тұрғындары мен қонақтары Орталық мәдениет үйінде «Өмірдің артында із қалдырған» деп аталатын театрландырылған әдеби-музыкалық кешті тамашалады. «Сарыарқа» симфониясы ойнап, шымылдық жайлап ашыла бастады. Көкжиекте — түнгі дала, сахнада ұлттық киім киген қыздар мен жігіттер. Олардың әрқайсысы ақын өлеңдерінен үзінділер оқып, кештің ажарын аша түсті.

Абай — ұлы ақын, аса талантты сазгер. Бүгінде оның жыримаға тарта өзі белгілі болса, ал, олардың жасалы саны алтымыңа жететін шыныда айналып отыр. Осылайша, біртуар ақын бабамыз қазақ халқының өң-күй өлемінде де мол мұра қалдырды.

Бұл кеште Абай өңдері, шыркалып, өлеңдері оқылды. «Ескендір» поэмасынан қойылым көрсетілді, ұлттық билер биленді. Мәдениет училищесінің «Молодость» ансамблінің, «Тұлпар» театрының, «Алғашқы сәуір» хор ансамблінің, Ә. Мұқтарованың, А. Көкетевааның, Ғ. Мұ-

қаметжанованың, Қ. Сәтековтың, Н. Жексенбаевтың, С. Орынбаеваның, Р. Қасымованың өнерлеріне жиналған жұртшылық риза болып, құшырлана қол соқты.

Кемейер бабамызға арналған мәдени шаралар жүйімен шектеліп қалған жоқ. Келесі күні Комсомол аралында театрландырылған мерекелік концерт, спорт жарысы, халық ойындары болып өтті, Үлбі және Октябрь аудандары кінз үйлер тікті.

Ерлі-зайыпты Манарбек Қиысбаев пен Гауһар Құнафияна тәулау ғана осы қалаға көшіп келіпті. Олардың шаңырағы шаттыққа бөленіп, сәбил болыпты. Мерейтойға жиналғандардың алдында нәрестеге «Абай» деген ат қойылды. Ал, Мухит Ыбраһимов пен Гүлжан Тұтқанбаеваның және Андрей Дронин мен Елена Немюванын неке-лері осы мерейтой үстінде қнылып, оларға неке кю туралы куәліктер тапсырылды.

Қала өкімінің орынбасары Ғ. Есқбаева жас жұбайларды құттықтап, кілемдер сыйлады. Өрмелеп шығып, бағананың басына ілінген заттарды алған жігіттер де көп болды.

«Эком» фирмасы қатты айғайлаушылардың арасында беске еткізді. «Мерейтой, ура» деп айғай салғанда кімнің дауысы қаттырақ шыкса, соған түрткі-түсті жапон теледидары берілетінін хабарлады. «Мұнайгазман» акционерлік қоғамының тоқарі Серік Тасболатовтың дауысы басқаларынан зор екен. Теледидар да осылайша өз несің тапты. Сондай-ақ, қол күрестіруден де жарыс өткізілді.

Қызмет бабымен облыста жүрген АҚШ-тан, Жапониядан, Канададан, Франциядан, Италиядан, Оңтүстік Кореядан, Кытайдан, Түркиядан, Ресейден, Украинадан және басқа да мемлекеттерден келген азаматтар мерейтойдың қонақтары болып, кінз үйлердегі дастархандардан дәм татты.

Міне, ұлы Абай атамыз дүниеге келген сонау Шыңғыс тауынан ескен самал кенді Алтайды аймалап, жүрек уағыз жылжып өткен сайын асыл бабамызды жаңымызға жеткізгіртіп, жақындата түскендей.

ӘЛІМ БОТА.



СУРЕТТЕ: Абайдың ескерткіш тақтасының ашылу сәтінен көрініс.

Суретті түсірген

Е. ОРЫНБАЕВ.